

**"Шымкент қаласы білім басқармасының
«Политехникалық колледжі» МКҚК-ның
"Радиоэлектроника және байланыс"
бөлімінің отырысының
№17 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты:

14.04.2025 ж.

Өткізілген орны:

315 кабинет

Күн тәртібінде:

1. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету.
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заңдары, Қазақстан Республикасының арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы.
3. Бөлім жұмысы барысында туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі шаралар.
4. Әр түрлі мәселелер.

Сөз сөйледі:

Бөлім меңгерушісі **Ж.Матиев** сөз алып, барлық қызметкерлерге Әдеп кодексімен танысу, оны қатаң сақтау, сонымен қатар студенттер арасында да әділеттілік, ашықтық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаларын насихаттау тапсырылды. Қызмет барысында туындауы мүмкін ықтимал заң бұзушылықтардың алдын алу үшін ішкі тәртіп пен бақылау жүйесін күшейту, кез келген күмәнді жағдайларда бөлім меңгерушісіне немесе колледж әкімшілігіне жүгіну қажеттігі ескертілді..

Буркутбаева А. өз сөзінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарына тоқталып, колледж қызметкерлерінің аталған заң аясында әрекет етуі маңызды екенін атап өтті. Сыбайлас жемқорлық — тек заң бұзушылық емес, сонымен қатар оқу үдерісіне, білім сапасына және оқу орнының беделіне тікелей кері әсер ететін жағымсыз құбылыс. Сондай-ақ, корпоративтік Әдеп кодексінің талаптары мен принциптері талқыланды. Бұл кодекс оқытушылардың кәсіби қызметіндегі этикалық нормаларды нақтылап, ішкі тәртіп пен моральдық жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Буркутбаева А. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бағытында бірқатар нақты ұсыныстар енгізді:

- Әр бөлімше мен циклдік комиссия деңгейінде ішкі бақылау тетіктерін жетілдіру;
- Құжат айналымының ашықтығын қамтамасыз ету (мысалы, бағалау, сынақ, емтихан нәтижелері);
- Оқу үдерісінде цифрландыру мүмкіндіктерін кеңінен қолдану арқылы адами факторды азайту;
- Қызметкерлер арасында тұрақты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтер, түсіндіру жұмыстары жүргізу.

Бөлім меңгерушісі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заңдарына Қазақстан Республикасының арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясымен таныстырып өтті. Колледж ішінде түрлі себептермен кез – келген мерекелік іс – шараларға, мекемеге қажетті кеңсе заттарымен шаршауашылық заттарын сатып алу және тағы басқа мақсатта ата – аналардан, ата – аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол беру мәселесі қатаң түрде тиым салынуы жөнінде түсіндіріп ескерту жасады.

Әр түрлі мәселелер бойынша және оқытушылар тарапынан айтылған бірқатар ұсыныстар бойынша жұмыс жүргізіп, топ жетекшілер студенттермен және ата- аналарымен тығыз байланыста болуды ескертті.

Қаулы етілді:

1. Барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен Әдеп кодексі талаптарын қатаң сақтауға міндеттелсін.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою мақсатында бақылау тетіктері жетілдірілсін.
3. Топ жетекшілері студенттермен және ата-аналармен тығыз байланыс орнатуды тұрақты түрде жалғастырсын.
4. Оқытушылардан келіп түскен ұсыныстар талданып, іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Бөлім меңгерушісі:

«Радиоэлектроника және байланыс»
-ПБК-ң «Экономика» пәнінің
оқытушысы, бөлім бойынша комплаенс
қызметі құрамының мүшесі



Матиев Ж.Д.

Буркутбаева А.К.

«РАДИОЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС» БӨЛІМІ

Жиналыс хаттамасы №17

Жиналыстың күні: 14.04.2025 ж. Өткен орны: 315

Р/с	Аты-жөні	Қолы
1.	Матбенова Ж	Матбенова Ж
2.	Шитова Ж	Шитова Ж
3.	Бурсункерова Т.	Бурсункерова Т.
4.	Тевсенті А.К.	Тевсенті А.К.
5.	Камыбекова Г.Б.	Камыбекова Г.Б.
6.	Жунисбекова К.М.	Жунисбекова К.М.
7.	Мусаев М.	Мусаев М.
8.	Шаданов ДН	Шаданов ДН
9.	Тжаналиев А	Тжаналиев А
10.	Оңғарбаев Ж	Оңғарбаев Ж
11.	Тасқынбаева Т.Б.	Тасқынбаева Т.Б.
12.		
13.		
14.		

Бөлім меңгерушісі



Ж.Д.Матиев

